Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2026 жылғы 6 тамыздағы № 301 бұйрығы

Кәсіптік стандарт: «Дәнді дақылдарды өндіру»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Дәнді дақылдарды өндіру» кәсіптік стандарты «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленген. Кәсіптік стандарт жұмыскерлердің кәсіптік қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруы, оның ішінде белгілі бір еңбек функцияларын орындауы үшін қажетті, сондай-ақ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын әзірлеуде біліктілік деңгейлерін айқындауға арналған.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) дәнді дақылдар – астық тұқымдастардың ботаникалық тобына жататын өсірілетін өсімдіктер тобы;

2) ресурс үнемдейтін егіншілік – топырақ жамылғысының бұзылуын барынша азайтуға, шығындарды қысқартуға, өнімділікті арттыруға және табиғи ресурстарды сақтауға мүмкіндік беретін жерді өңдеу әдістері;

3) зиянкестермен кешенді күрес (ЗКК) – қолайсыз факторларға төзімді сорттарды өсіруді, зиянкестердің табиғи жауларын пайдалануды және қауіпсіз пестицидтерді қолдануды қамтитын агротехникалық іс-шаралар жүйесі;

4) қатарлап себу – қатарлы сепкішті пайдалана отырып, тұқымдарды оңтайлы қатар аралығы мен сіңіру тереңдігін сақтап қатарлап себу;

5) құрғақ себу – тұқымды құрғақ топыраққа себу;

6) қайталама дақылдарды өсіру – бірінші дақылдың өнімі жиналғанға дейін сол танапта екінші ауыл шаруашылығы дақылын өсіру;

7) дақылдарды алмастырып егу (ауыспалы егіс) – бір танапта әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлерін және (немесе) тұқымдастарын ғылыми негізде кезектестіріп өсіру;

8) жерді лазерлік тегістеу – жоспарлау жабдығымен жабдықталған тракторға орнатылған лазерлік таратқыш пен қабылдағыштың көмегімен топырақ бетін тегістеу;

9) минералды тыңайтқыш – химиялық немесе өнеркәсіптік процестер нәтижесінде алынатын тыңайтқыш;

10) информалды білім беру – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқу нәтижелерін растайтын құжат берілмейтін білім беру түрі;

11) бейресми білім беру – білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдар жоспарлайтын, ұйымдастыратын және жүзеге асыратын, оқу орнына, мерзіміне және нысанына қарамастан өткізілетін әрі оқу нәтижелерін растайтын құжат берумен сүйемелденетін білім беру түрі;

12) кәсіптік кіші топ – өзара байланысты еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттер жиынтығынан қалыптасқан саланың кәсіптік тобының бөлігі;

13) кәсіптік топ – ортақ интеграциялық негізі бар және оларды орындауға қажетті ұқсас еңбек функциялары мен құзыреттер жиынтығын көздейтін саланың кәсіптік кіші топтарының жиынтығы;

14) біліктілік – жұмыскердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;

15) біліктілік деңгейі – біліктілік шеңберінде белгіленген және сипатталған, жұмыскерлердің білімі, іскерлігі, орындалатын жұмыстардың күрделілігі, еңбек жағдайларының стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестігі деңгейлері бойынша сараланған құзыреттеріне қойылатын талаптардың құрылымдалған жиынтығы;

16) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекеттер жиынтығы;

17) кәсіптік стандарт – белгілі бір кәсіптік қызмет саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыреттерге, еңбек мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды белгілейтін құжат;

18) кәсіп – кәсіптік даярлық нәтижесінде алынған және тиісті білім туралы құжаттармен расталған белгілі бір білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды талап ететін адамның негізгі еңбек қызметінің түрі;

19) салалық біліктілік шеңбері – тиісті салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

20) ұлттық біліктілік шеңбері – салалық біліктілік шеңберлері мен кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін пайдаланылатын біліктілік деңгейлері мен жалпы кәсіптік құзыреттердің бірыңғай жүйесі;

21) машықтар – кәсіптік қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу барысында логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалана отырып, білімді қолдану және құзыреттілікті көрсету қабілеті;

22) білім – оқыту және практикалық тәжірибе арқылы ақпаратты меңгерудің нәтижесі болып табылатын, белгілі бір қызмет саласына қатысты фактілердің, қағидаттардың, теориялық ережелер мен практиканың жиынтығы және бағалануға жататын біліктіліктің құрамдас бөлігі;

23) құзыреттер – тиісті біліктілік деңгейіндегі кәсіптік қызмет міндеттерін орындауды қамтамасыз ететін білімнің, іскерліктің, дағдылардың және жеке қасиеттердің жиынтығы;

24) тәжірибе – кәсіптік қызмет барысында жинақталған және еңбек функцияларын орындау кезінде тиімді қолданылатын білімнің, іскерліктің және практикалық дағдылардың жиынтығы.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БА – Біліктілік анықтамалығы;
2) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
3) ББХСС – Білім берудің халықаралық стандартты сыныптауышы;
4) КС – Кәсіптік стандарт;
5) ҚР – Қазақстан Республикасы;
6) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;
7) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Дәнді дақылдарды өндіру
5. Кәсіптік стандарттың коды: A01111060
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
A Ауыл, орман және балық шаруашылығы
01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
01.11 Дәнді дақылдарды (күріштен басқа), бұршақ және майлы дақылдарды өсіру
01.11.1 Тұқым шаруашылығын қоса алғанда, дәнді дақылдарды және бұршақ дақылдарын өсіру
A Ауыл, орман және балық шаруашылығы
01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
01.12 Күрішті өсіру
01.12.0 Күрішті өсіру
7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіптік стандарт дәнді дақылдарды өндіру жөніндегі қызметті қамтиды, оның ішінде топырақты өңдеу, себу, егісті күтіп-баптау, арамшөптерді отау, суару, өсімдіктерді биологиялық және химиялық қорғау құралдарымен өңдеу, сондай-ақ өнімнің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында дәнді дақылдар егістігінің жай-күйіне диагностика жүргізу кезінде заманауи инновациялық технологиялар мен автоматтандырылған механикаландыру құралдарын қолдануды қамтиды.
8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
1) Тұқымдарды сулау желісінің операторы - 3 СБШ-нің деңгейі
2) Білікті ауыл шыруашылығы жұмысшысы (аралас дақылдардың) - 3 СБШ-нің деңгейі
3) Әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жөніндегі бригадир - 4 СБШ-нің деңгейі
4) Өсімдіктерді қорғау жөніндегі жұмысшы - 4 СБШ-нің деңгейі
5) Астық дақылдарын өсіруші фермер - 4 СБШ-нің деңгейі
6) Дала дақылдарын өсіру жөніндегі техник-агроном - 5 СБШ-нің деңгейі
7) Өсімдіктер карантині жөніндегі техник - 5 СБШ-нің деңгейі
8) Жаңа техника мен технологияны енгізу жөніндегі инженер - 6 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Тұқымдарды сулау желісінің операторы»:			
Топтың коды:	8341-2		
Қызмет атауының коды:	8341-2-008		
Кәсіптің атауы:	Тұқымдарды сулау желісінің операторы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы IV бөлік 19-бөлім. Өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылығындағы жұмысшылар кәсіптерінің жұмыстарының сипаттамалары. 67. Тұқым өсіруші. 1-параграф. Тұқым өсіруші.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	8341-2-009 - Тұқымдарды дәрілеу желісінің операторы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Тұқым дайындаудың технологиялық процесін жүргізу және бақылау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Тұқымдардың өнгіштігін арттыру және қорғау мақсатында арнайы ерітінділермен өңдеу 2. Тұқымдарды себуге дайындаудың технологиялық процесін орындау
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Тұқымдардың өнгіштігін арттыру және қорғау мақсатында арнайы ерітінділермен өңдеу	Дағды 1: Жұмыс аймағына берілетін астықтың сапасын бақылау	Машықтар:
		1. Астықтың жұмыс аймағына біркелкі берілуінің технологиялық процесін бақылау, тұқымдарды тиеу және түсіру кезінде технологиялық жабдыққа қызмет көрсету, тұқымдар мен жұмыс ерітінділерінің берілу жылдамдығын реттеу. 2. Топырақтың агрохимиялық көрсеткіштерін ескере отырып, тұқымдарды жібітуге арналған жұмыс ерітінділерін дайындау. 3. Жұмыс аймағына түсетін астықтың сапа көрсеткіштерін бақылау.
		Білімдер:
		1. Дәнді дақылдар және тұқым сапасының көрсеткіштері туралы жалпы мәліметтер. 2. Ауыл шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру негіздері. 3. Тұқымдарды жібітуге дайындау кезінде пайдаланылатын жабдықтарды пайдалану қағидалары мен технологиялық нұсқаулықтар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Технологиялық жабдықтың ақаусыз жұмысын бақылау	Машықтар:
		1. Жабдықтың ақаулары туындаған жағдайда қажетті жөндеу жұмыстарын орындау. 2. Бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарын пайдалану. 3. Ауа жылытқышты қосу және ажырату, тұқымдардың кептіру аймағына берілу жылдамдығын бақылау. 4. Тұқымдарды өңдеу барысында жұмыс аймағына берілетін ауаның температурасын бақылау. 5. Тұқымдардың өнгіштігін арттырудың жаңа тәсілдері мен әдістерін енгізу.
		Білімдер:
		1. Негізгі және қосалқы жабдықтарды пайдалану жөніндегі технологиялық нұсқаулықтар мен қағидалар. 2. Технологиялық жабдықты қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар. 3. Тұқымдарды себу алдындағы өңдеу технологиясының негіздері. 4. Жұмыс ерітінділерін дайындау, сақтау және қолдану жөніндегі технологиялық нұсқаулықтар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Тұқымдарды себуге дайындаудың технологиялық процесін орындау	Дағды 1: Тұқымдарды ерітінділерде жібіту технологиялық процесін жүргізу	Машықтар:
		1. Дәнді дақылдар тұқымдарын жібіту технологиялық процесін бақылау. 2. Жұмыс аймағында тұқымдарды өңдеу кезінде технологиялық жабдыққа қызмет көрсету. 3. Жібіту аймағында тұқымдардың болу ұзақтығын бақылау. 4. Жұмыс аймағынан шығар кезде тұқымдардың массасын бақылау.

		Білімдер:
		1. Астықты жібітуге арналған жабдықтың технологиялық схемалары мен жұмыс аймақтары. 2. Технологиялық сипаттамаларға сәйкес тұқымдарды өңдеу жөніндегі нұсқаулықтар. 3. Жұмыс ерітінділерімен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары. 4. Тұқымдардың ауруларға төзімділігін арттыратын ерітінділермен өңдеу әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Қосалқы іс-шаралар жүргізу	Машықтар:
		1. Жабдықтың техникалық жай-күйіне көзбен шолып бақылау жүргізу, аспаптық тексерулер орындау және диагностика жүргізу. 2. Жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындау. 3. Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізуге қажетті құралдарға, айлабұйымдарға, материалдар мен мүкәммалға өтінімдер жасау. 4. Құралдардың, айлабұйымдардың және жабдықтардың жарамды жай-күйін және тиімді пайдаланылуын бақылау.
		Білімдер:
		1. Дәнді дақылдардың қажеттіліктерін ескере отырып, жылумен, жарықпен және ылғалмен қамтамасыз ету сызбалары, топырақты дайындау тәсілдері және басқа да агротехникалық талаптар. 2. Тұқымды дәрілеу технологиясы, жұмыс ерітінділерін дайындау тәртібі, сыйымдылықтар мен машиналарды толтыру, сондай-ақ бүрку және тозаңдату жұмыстарын жүргізу технологиясы. 3. Уланған жемдерді қолдану және шашу қағидалары. 4. Микроклиматты реттеу механизмдері мен бақылау-өлшеу аспаптарының ықтимал ақаулары, олардың алдын алу және жою тәсілдері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Тәртіптілік Өндірістік міндеттерді шешу кезіндегі жауапкершілік Коммуникабельділік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. КО ТР 015/2011 «Астықтың қауіпсіздігі туралы» – бидай, арпа, жүгері және басқа да дәнді дақылдарға қолданылады. 2. КО ТР 021/2011 «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» – астыққа және оны қайта өңдеу өнімдеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарын белгілейді. 3. КО ТР 022/2011 «Таңбалануына қатысты тағам өнімдері» – астықты, ұнды және жарманы таңбалау қағидаларын белгілейді. 4. КО ТР 039/2016 «Минералдық тыңайтқыштардың қауіпсіздігі туралы» – дәнді дақылдарды өсіру кезінде минералдық тыңайтқыштарды қолдануға қойылатын талаптарды белгілейді. 5. КО ТР 041/2017 «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» – өсімдіктерді қорғау құралдарын қоса алғанда, химиялық өнімнің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейді. 6. МемСТ 13586.3-83 «Астық. Натураны анықтау әдістері» – астық сапасын бағалау әдістері. 7. МемСТ 13586.5-93 «Астық. Ылғалдылықты анықтау әдістері» – өнім сапасын бақылау кезінде қолданылады. 8. МемСТ 10842-89 «Астық. Зиянкестермен залалдануын анықтау әдістері» – санитариялық талаптар. 9. МемСТ 12038-84 «Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары. Өнгіштігін анықтау әдістері» – дәнді дақылдардың тұқымдарына қолданылады. 10. СТ РК ISO 22000:2019 «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйелері» – астықты қайта өңдеу саласында қолданылады. 11. МемСТ 30483-97 «Астық және оны қайта өңдеу өнімдері. Металмагниттік қоспалардың мөлшерін анықтау әдістері» – қауіпсіздік талаптарын белгілейді. 12. МемСТ 27668-88 «Астық. Кенелермен залалдануын анықтау әдістері» – санитариялық нормалар.	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	4	Астық дақылдарын өсіру жөніндегі фермер
	2	Суару және ирригация жөніндегі жұмысшы

10. Кәсіптің карточкасы «Білікті ауыл шыруашылығы жұмысшысы (аралас дақылдардың)»:			
Топтың коды:	6114-0		
Қызмет атауының коды:	6114-0-002		
Кәсіптің атауы:	Білікті ауыл шыруашылығы жұмысшысы (аралас дақылдардың)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы IV бөлік 19-бөлім. Өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылығындағы жұмысшылар кәсіптерінің жұмыстарының сипаттамалары. 63. Диқан. 1-параграф. Диқан.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	8341-2-001 - Комбайншы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Дәнді дақылдарды өндіру кезінде дәнді дақылдарды отырғызумен, өсірумен және жинаумен байланысты міндеттерді дәнді дақылдар түрлерінің ерекшеліктерін, топырақтық және табиғи-климаттық жағдайларды ескере отырып орындау.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Дәнді дақылдарды өсіру кезінде топырақты дайындау, егіс жүргізу және егістікті күтіп-баптау бойынша технологиялық операцияларды орындау 2. Дәнді дақылдардың егістігін күтіп-баптау, өнімді жинау және жинаудан кейінгі өңдеу жұмыстарын орындау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Дәнді дақылдарды өсіру кезінде топырақты дайындау, егіс жүргізу және егістікті күтіп-баптау бойынша технологиялық операцияларды орындау	Дағды 1: Топырақты дайындау, егіс жүргізу және егістікті күтіп-баптау бойынша технологиялық операцияларды орындау	Машықтар: 1. Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалана отырып, дәнді дақылдарды себуге топырақты дайындау. 2. Арнайы жабдықтарды пайдалана отырып, топырақтың бетін лазерлік тегістеуді орындау. 3. Егіс жұмыстарын жүргізу кезінде ауыл шаруашылығы техникасына қызмет көрсету және оны дәнді дақылдарды өсіру технологиясының талаптарына сәйкес реттеу. 4. Органикалық және минералдық тыңайтқыштарды белгіленген нормалар мен технологиялық талаптарға сәйкес енгізу. 5. Заманауи суару жүйелерін, оның ішінде тамшылатып суару технологиясын пайдалана отырып, егістікті суару жұмыстарын жүргізу. 6. Заманауи топырақ өңдеу, егіс және суару техникасын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын сақтау. 7. Суару, тыңайтқыш енгізу және егістікті өңдеу кезінде ауыл шаруашылығы техникасын қашықтан басқаруды жүзеге асыру. 8. Топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру мақсатында ауыспалы егіс жүйесін қолдану. 9. Ауыл шаруашылығы алқаптарының жағдайын жақсартуға бағытталған мелиорациялық іс-шараларды орындау.	

		Білімдер:
		1. Заманауи егіншілік жүйелерінің, ресурс үнемдеу технологияларының және жер ресурстарын ұтымды пайдаланудың негіздері. 2. Топырақты өңдеу, егіс жүргізу, тыңайтқыш енгізу және суару кезінде қолданылатын ауыл шаруашылығы машиналары мен механизмдерінің құрылысы, жұмыс қағидаттары және технологиялық сұлбалары. 3. Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі нұсқаулықтар. 4. Ауыл шаруашылығы дақылдарын суару нормалары мен режимдері, егіс алқабының 1 гектарына су қажеттілігін есептеу тәртібі. 5. Автоматтандырылған ауыл шаруашылығы техникасын қашықтан басқару қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Арамшөптермен, аурулармен және зиянкестермен күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу	Машықтар:
		1. Арнайы техниканы пайдалана отырып, дәнді дақылдар егістігінің айналасына қорғаныш арықтарын қазу және аулау құдықтарын жабдықтау. 2. Ауыл шаруашылығы дақылдарын ауруларға, зиянкестерге және арамшөптерге қарсы өңдеуді жүргізу. 3. Дәнді дақылдарды технологиялық талаптарға сәйкес дефолианттармен және десиканттармен өңдеу. 4. Топырақты қорғауға және өнімділікті сақтауға бағытталған агротехникалық іс-шаралардың тиімділігін бағалау. 5. Орындалған жұмыстардың көлемін, сондай-ақ пайдаланылған тыңайтқыштардың, өсімдіктерді қорғау құралдарының және өсу реттегіштерінің шығынын есепке алу. 6. Минералдық тыңайтқыштарды белгіленген енгізу нормаларына сәйкес дайындау және араластыру. 7. Жұмыс ерітінділерін дайындау, бүріккіш агрегаттарды толтыру, қорғаныс іс-шараларын технологиялық талаптар мен мерзімдерге сәйкес жүргізу және жұмыс ерітіндісінің біркелкі шашырауын қамтамасыз ету. 8. Дәнді дақылдардың өсуі, дамуы және өнімнің қалыптасуы кезеңдеріндегі физиологиялық жай-күйін бақылау.
		Білімдер:
		1. Ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестерін анықтау және оларға қарсы күрес жүргізу әдістемелері. 2. Дәнді дақылдарды өсіру технологиялары, ауыл шаруашылығы техникасының құрылысы және жұмыс қағидаттары. 3. Пестицидтердің, агрохимикаттардың және өсімдіктерді қорғаудың биологиялық құралдарының түрлері, қолданылу мақсаты мен пайдалану қағидалары. 4. Егістікті өңдеуге арналған жұмыс ерітінділерін дайындау технологиялары. 5. Дәнді дақылдарды қорғау кезінде биологиялық препараттарды қолдану қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Дәнді дақылдардың егістігін күтіп-баптау, өнімді жинау және жинаудан кейінгі өңдеу жұмыстарын орындау		

	Дағды 1: Көмекші далалық және өндірістік жұмыстарды орындау	Машықтар:
		1. Арнайы ауыл шаруашылығы техникасын пайдалана отырып, дәнді дақылдардың өнімін жинауды жүзеге асыру. 2. Өнімді жинағаннан кейінгі өңдеуге, тазалауға, кептіруге және тұқымдық материалды дайындауға арналған жабдықтарға қызмет көрсету.
		Білімдер:
		1. Еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптары. 2. Дәнді дақылдарды жинау, тасымалдау, тазалау, жинаудан кейінгі өңдеу және сақтау технологиясы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Дәнді дақылдардың өнімін жинау жұмыстарын орындау	Машықтар:
		1. Ауыл шаруашылығы құрал-саймандарын, жабдықтарды және қосалқы құрылғыларды пайдалану. 2. Астық қырмандарын, қоймаларды, сақтау орындарын және өндірістік алаңдарды санитариялық тазалауды жүргізу. 3. Агротехникалық іс-шараларды орындауға қажетті техникалық құралдар мен жабдықтарды таңдау. 4. Еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жеке қорғаныс құралдарын пайдалану. 5. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарына ағымдағы техникалық қызмет көрсету және күрделі емес жөндеу жұмыстарын орындау.
		Білімдер:
		1. Арнайы ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар. 2. Дәнді дақылдарды өсіру кезіндегі далалық жұмыстарды ұйымдастырудың және өндірістік процестің негіздері. 3. Пестицидтермен, агрохимикаттармен және өсімдіктерді қорғаудың биологиялық құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі еңбекті қорғау талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Командада жұмыс істей білу Тәртіптілік Еңбек нәтижесі үшін жауапкершілік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. КО ТР 015/2011 «Астықтың қауіпсіздігі туралы» – бидай, арпа, жүгері және басқа да дәнді дақылдарға қолданылады. 2. КО ТР 021/2011 «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» – астыққа және оны қайта өңдеу өнімдеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарын белгілейді. 3. КО ТР 022/2011 «Таңбалануына қатысты тағам өнімдері» – астықты, ұнды және жарманы таңбалау қағидаларын белгілейді. 4. КО ТР 039/2016 «Минералдық тыңайтқыштардың қауіпсіздігі туралы» – дәнді дақылдарды өсіру кезінде минералдық тыңайтқыштарды қолдануға қойылатын талаптарды белгілейді. 5. КО ТР 041/2017 «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» – өсімдіктерді қорғау құралдарын қоса алғанда, химиялық өнімнің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейді. 6. МемСТ 13586.3-83 «Астық. Натураны анықтау әдістері» – астық сапасын бағалау әдістері. 7. МемСт 13586.5-93 «Астық. Ылғалдылықты анықтау әдістері» – өнім сапасын бақылау кезінде қолданылады. 8. МемСТ 10842-89 «Астық. Зиянкестермен залалдануын анықтау әдістері» – санитариялық талаптар. 9. МемСТ 12038-84 «Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары. Өнгіштігін анықтау әдістері» – дәнді дақылдардың тұқымдарына қолданылады. 10. ҚР СТ ISO 22000:2019 «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйелері» – астықты қайта өңдеу саласында қолданылады. 11. МемСТ 30483-97 «Астық және оны қайта өңдеу өнімдері. Металмагниттік қоспалардың мөлшерін анықтау әдістері» – қауіпсіздік талаптарын белгілейді. 12. МемСТ 27668-88 «Астық. Кенелермен залалдануын анықтау әдістері» – санитариялық нормалар.	
СБШ -нің ішіндегі басқа	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:

кәсіптермен байланыс:	4	Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы (далалық дақылдар)	
	2	Суару, ирригация жөніндегі жұмысшы	
11. Кәсіптің карточкасы «Әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жөніндегі бригадир»:			
Топтың коды:	6114-0		
Қызмет атауының коды:	6114-0-001		
Кәсіптің атауы:	Әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жөніндегі бригадир		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы IV бөлік 19-бөлім. Өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылығындағы жұмысшылар кәсіптерінің жұмыстарының сипаттамалары. 63. Диқан. 1-параграф. Диқан.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	6114-0-007 - Әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жөніндегі фермер		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Дәнді дақылдарды отырғызуға, өсіруге және жинауға бағытталған жұмысшы персоналдың жұмысын ұйымдастыру.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Дәнді дақылдарды себуді, оларды өңдеу және жинау нормаларының сақталуын қамтамасыз ету. 2. Дәнді дақылдардың өнімділігін арттыру және өнімнің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша іс-шараларды ұйымдастыру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Дәнді дақылдарды себуді, оларды өңдеу және жинау нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.	Дағды 1: Бригадаға белгіленген өндірістік жоспардың (тапсырманың) орындалуын қамтамасыз ету	Машықтар:	
		1. Бөлімшенің, учаскенің немесе бригаданың өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылық жасау. 2. Құрылымдық бөлімшенің өндірістік жоспарларын (тапсырмаларын) әзірлеуге қатысу және олардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету. 3. Дәнді дақылдарды себу, егістікті күтіп-баптау және өнімді жинау жөніндегі технологиялық операциялардың орындалуын ұйымдастыру. 4. Ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау кезінде белгіленген технологиялық талаптардың сақталуын бақылау.	
		Білімдер:	
		1. Егістіктер мен топырақтың жай-күйін ескере отырып, тұқым себу қағидалары мен нормалары, препараттардың, тыңайтқыштардың және басқа материалдардың 1 гектарға шаққандағы шығын нормалары. 2. Дәнді дақылдарды өсірудің технологиялық процестерін орындау үшін материалдық-техникалық, қаржылық және еңбек ресурстарына қажеттілікті жоспарлау тәртібі.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді	

	Дағды 2: Еңбекті ұйымдастыру және өндірістік процестерді нормалау	Машықтар:
		1. Қол еңбегін қысқарту, еңбек өнімділігін арттыру және материалдық әрі еңбек ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды енгізуді ұйымдастыру. 2. Бригада қызметкерлері арасында міндеттерді бөліп, өндірістік жоспарға сәйкес жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру. 3. Технологиялық тәртіптің және өндірістік нормативтердің сақталуын бақылау. 4. Ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтарды және материалдық ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. Егістіктерді биологиялық және химиялық өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеудің нормалары мен технологиялары. 2. Табиғи-климаттық жағдайлар мен аймақтандыруды ескере отырып, дәнді дақылдарды өсіру кезінде ауыспалы егісті қолдану қағидаттары. 3. Ауыл шаруашылығы өндірісінде еңбекті ұйымдастыру және нормалау негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Дәнді дақылдардың өнімділігін арттыру және өнімнің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша іс-шараларды ұйымдастыру	Дағды 1: Өндірістік есепке алуды және өндірістік есептілікті дайындауды ұйымдастыру	Машықтар:
		1. Өнімділікті арттыруға және өнім сапасын сақтауға бағытталған егістіктерді өңдеудің заманауи және инновациялық технологияларын қолдану. 2. Құрылымдық бөлімшенің өндірістік қызметін жоспарлауды, есепке алуды және есептілігін дайындауды ұйымдастыру. 3. Дәнді дақылдарды өндіру, өнімділік және орындалған технологиялық жұмыстар бойынша бастапқы есепке алу құжаттарын ресімдеу. 4. Еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау.
		Білімдер:
		1. Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі еңбекті ғылыми ұйымдастыру негіздері. 2. Дәнді дақылдарды өсіру кезінде өндірістік есеп жүргізу және есептілік дайындау қағидаттары. 3. Дәнді дақылдар өндірісінің технологиялық процестерін ұйымдастыру негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Технологиялық процесті үздіксіз жүргізуді қамтамасыз ету бойынша бригаданың жұмысын ұйымдастыру	Машықтар:
		1. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау және бастапқы өңдеу технологияларының сақталуын ұйымдастыру. 2. Агротехнологияларды сақтау мәселелері бойынша өндірістік нұсқама өткізу және түсіндіру жұмыстарын жүргізу. 3. Технологиялық операциялардың орындалуын және атқарылған жұмыстардың сапасын бақылау. 4. Далалық жұмыстарды орындау кезінде бригада қызметкерлерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

		Білімдер:	
		1. Еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптары. 2. Дәнді дақылдардың түрі мен сұрпын ескере отырып, оларды өсірудің, күтіп-баптаудың, жинаудың, сақтаудың және бастапқы өңдеудің заманауи технологиялары. 3. Далалық жұмыстарды орындау кезінде қолданылатын ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу қағидалары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Командада жұмыс істей білу Тәртіптілік Аналитикалық ойлау Тапсырылған іс үшін жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. КО ТР 015/2011 «Астықтың қауіпсіздігі туралы» – бидай, арпа, жүгері және басқа да дәнді дақылдарға қолданылады. 2. КО ТР 021/2011 «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» – астыққа және оны қайта өңдеу өнімдеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарын белгілейді. 3. КО ТР 022/2011 «Таңбалануына қатысты тағам өнімдері» – астықты, ұнды және жарманы таңбалау қағидаларын белгілейді. 4. КО ТР 039/2016 «Минералдық тыңайтқыштардың қауіпсіздігі туралы» – дәнді дақылдарды өсіру кезінде минералдық тыңайтқыштарды қолдануға қойылатын талаптарды белгілейді. 5. КО ТР 041/2017 «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» – өсімдіктерді қорғау құралдарын қоса алғанда, химиялық өнімнің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейді. 6. МемСТ 13586.3-83 «Астық. Натураны анықтау әдістері» – астық сапасын бағалау әдістері. 7. МемСТ 13586.5-93 «Астық. Ылғалдылықты анықтау әдістері» – өнім сапасын бақылау кезінде қолданылады. 8. МемСТ 10842-89 «Астық. Зиянкестермен залалдануын анықтау әдістері» – санитариялық талаптар. 9. МемСТ 12038-84 «Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары. Өнгіштігін анықтау әдістері» – дәнді дақылдардың тұқымдарына қолданылады. 10. ҚР СТ ISO 22000:2019 «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйелері» – астықты қайта өңдеу саласында қолданылады. 11. МемСТ 30483-97 «Астық және оны қайта өңдеу өнімдері. Металмагниттік қоспалардың мөлшерін анықтау әдістері» – қауіпсіздік талаптарын белгілейді. 12. МемСТ 27668-88 «Астық. Кенелермен залалдануын анықтау әдістері» – санитариялық нормалар.		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	3	Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы (аралас дақылдар)	
	5	Дала дақылдарын өсіру жөніндегі техник-агроном	
12. Кәсіптің карточкасы «Өсімдіктерді қорғау жөніндегі жұмысшы»:			
Топтың коды:	6114-0		
Қызмет атауының коды:	6114-0-005		
Кәсіптің атауы:	Өсімдіктерді қорғау жөніндегі жұмысшы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы IV бөлік 19-бөлім. Өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылығындағы жұмысшылар кәсіптерінің жұмыстарының сипаттамалары. 63. Диқан. 1-параграф. Диқан.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			

Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	6111-1-008 - Астық дақылдарын өсіруші фермер	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Карантинмен және өсу процесінде дәнді дақылдар мен өсімдіктердің тұқымдарын қорғаумен байланысты міндеттерді орындау.	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Дәнді дақылдар егістерінің фитосанитариялық жағдайына диагностика жүргізу және өсімдіктерді аурулар мен зиянкестерден қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге дайындық 2. Өсімдіктерді аурулар мен зиянкестерден қорғау жөніндегі іс-шараларды химиялық және биологиялық әдістерді қолдану арқылы жүргізу
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Дәнді дақылдар егістерінің фитосанитариялық жағдайына диагностика жүргізу және өсімдіктерді аурулар мен зиянкестерден қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге дайындық	Дағды 1: Өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдануға дайындау	Машықтар: 1. Анықталған ауруларға, зиянкестерге және егістің фитосанитариялық жағдайына қарай өсімдіктерді қорғау құралдарын таңдау. 2. Жұмыс ерітінділерін дайындау және дәнді дақылдарды химиялық және биологиялық өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу. 3. Дәнді дақылдардың кеміргіштерімен және басқа зиянкестерімен күрес жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру. 4. Өсімдіктерді қорғау құралдарын дайындау және қолдану кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау. 5. Технологиялық талаптарға сәйкес препараттар мен жұмыс ерітінділерінің шығыс нормаларын айқындау.
		Білімдер: 1. Өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану жөніндегі нұсқаулықтар, препараттардың шығыс нормалары және жұмыс ерітінділерін дайындауға қойылатын талаптар. 2. Дәнді дақылдар егістерін өңдеуге арналған жұмыс ерітінділерін дайындау әдістемелері. 3. Егістерді өңдеу және химиялық әрі биологиялық препараттарды енгізу қағидалары. 4. Кеміргіштермен, зиянкестермен және арамшөп өсімдіктерімен күресу әдістері. 5. Дәнді дақылдардың ауру қоздырғыштарының, зиянкестерінің және арамшөп өсімдіктерінің негізгі түрлері. 6. Өсімдіктерді қорғау құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Дәнді дақылдар егістерінің фитосанитариялық жағдайына диагностика жүргізу	Машықтар: 1. Ауруларды, зиянкестерді және арамшөп өсімдіктерін анықтау мақсатында дәнді дақылдар егістерінің фитосанитариялық жағдайына диагностика жүргізу. 2. Аурулар мен зиянкестердің таралуының алдын алу бойынша профилактикалық іс-шараларды әзірлеу және жүргізу. 3. Диагностикалық карта мен өсімдіктерді қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге арналған ұсынымдарды әзірлеу. 4. Өсімдік ауруларының пайда болуы мен таралуының алдын алу шараларын айқындау.

		Білімдер:
		1. Дәнді дақылдардың ауруларын, зиянкестерін және арамшөп өсімдіктерін диагностикалау әдістемелері. 2. Аурулардың, зиянкестердің түрлерін және егістің залалдану дәрежесін анықтау әдістері. 3. Дәнді дақылдар егістерін қорғау бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру қағидалары. 4. Дәнді дақылдардың аурулармен және зиянкестермен зақымдануының негізгі белгілері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Өсімдіктерді аурулар мен зиянкестерден қорғау жөніндегі іс-шараларды химиялық және биологиялық әдістерді қолдану арқылы жүргізу	Дағды 1: Дәнді дақылдар егістерін аурулар мен зиянкестерден қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу	Машықтар:
		1. Дәнді дақылдар егістерін диагностикалық картаға және өсімдіктерді қорғау жөніндегі ұсынымдарға сәйкес өңдеу. 2. Технологиялық регламенттер мен қауіпсіздік талаптарына сәйкес өсімдіктерді қорғаудың химиялық және биологиялық құралдарын қолдану. 3. Егістердің фитосанитариялық жағдайын ескере отырып, аурулар мен зиянкестердің пайда болуы мен таралуының алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-шараларды жүргізу. 4. Кеміргіштермен және басқа зиянкестермен күресу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу, оның ішінде уланған жемдерді орналастыру, энтомофагтарды шығару, родентицидтердің орналастырылуын бақылау, тұзақтар орнату және қажет болған жағдайда зиянкестерді қолмен аулау. 5. Жүргізілген қорғау іс-шараларының сапасы мен тиімділігін бақылау.
		Білімдер:
		1. Қолданылатын өсімдіктерді қорғау құралдарына байланысты дәнді дақылдар егістерін өңдеу тәсілдері. 2. Дәнді дақылдар егістерін өңдеу кезінде химиялық және биологиялық өсімдіктерді қорғау құралдарының шығыс нормалары. 3. Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер мен агрохимикаттардың тізбесі. 4. Өсімдіктерді аурулардан, зиянкестерден және арамшөп өсімдіктерінен қорғаудың заманауи әдістері. 5. Қорғау іс-шараларын жүргізу кезіндегі еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік талаптары
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

	Дағды 2: Өсімдіктерді қорғау бойынша қосымша іс-шараларды жүргізу	Машықтар:
		1. Қажет болған жағдайда дәнді дақылдар егістерінің айналасында қорғаныш орларын жасау. 2. Үй-жайларды, ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтарды және қорғалған топырақты дезинфекциялау және залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу. 3. Дәнді дақылдар егістерінде зиянкестерді механикалық жолмен аулауға арналған аулау шұңқырларын және басқа құралдарды орнату. 4. Зиянкестерді, ауру қоздырғыштарын анықтау және топырақтың фитосанитариялық жағдайын бағалау үшін топырақ сынамаларын талдау. 5. Өсімдіктерді қорғаудың химиялық және биологиялық құралдарын, сондай-ақ уланған жемдерді бүріккіш техникаға механикаландырылған тәсілмен дайындау, тиеу және құю жұмыстарын орындау. 6. Рұқсат етілген пестицидтерді пайдалана отырып, қоймалар мен сақтау орындарын ылғалды әдіспен дезинфекциялау және дезинсекциялау.
		Білімдер:
		1. Жеке қорғаныс құралдарының сипаттамалары және оларды қолдану қағидалары. 2. Кеміргіштермен және басқа зиянкестермен күресуге арналған жұмыс ерітінділері мен уланған жемдерді дайындау технологиялары. 3. Кеміргіштерді аулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу бойынша нұсқаулықтар. 4. Пестицидтерді қолдана отырып, қоймалар мен сақтау орындарын дезинфекциялау және дезинсекциялау қағидалары. 5. Зиянкестердің дернәсілдерін, ауру қоздырғыштарын анықтау және топырақтың фитосанитариялық жағдайын бағалау әдістері. 6. Қорғау іс-шараларын жүргізу кезіндегі экологиялық қауіпсіздік және еңбек қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Командада жұмыс істей білу Тәртіптілік Орындаушылық	
